**Бекітемін:** ____________
**Бестамақ «Болашақ» балалар бақшасының**
**меңгерушісі Л.Б.Курманова**

# Балабақшадағы өртке қарсы тәртібі:

Қазақстан Республикасы Өрт қауіпсіздігі Қағидаларының талаптары негізінде төмендегі өртке қарсы тәртібі ұсынылсын:

1. Балабақшаның барлық қызметкерлері жұмысқа орналастыру алдында міндетті түрде өрт техникалық минимум бағдарламасы бойынша оқытылып, қабылдансын;
2. Барлық қызметкерлерге 6-ай сайын өрт қауіпсіздігіне жауапты тұлға өрт қауіпсіздігі талаптары бойынша нұсқаулықтар жүргізіп, тиісті журналға тіркеп әрбір қызметкер қол қойсын;
3. Балабақша қызметкерлеріне алғашқы өрт сөндіру құралдарымен пайдалану ережелері таныстырылсын;
4. Балабақша бойынша автоматты өртті анықтау қондырғылары ұдайы іске қосылып тұрсын және уақытылы техникалық күтім жасалсын;
5. Балабақша бойынша балаларды қабылдау қайтару уақытында және күндізгі уақытта қосалқы шығу жолдарының бөгет болмауы қадағалансын;
6. Эвакуациялық шығу жолдары әрдайым ашық болып, жолдарға тосқауыл жасауға тиым салынсын;
7. Балабақшада ашық от, бенгаль оттарын, пиротехникалық бұйымдарды қолдануға қатаң тиым салынсын және тәрбиеші балаларға үнемі айтып отыру қарастырылсын;
8. Жұмыс аяғына балабақша ғимараты бойынша барлық электр қондырғыларының, газ, су желілерінің бекітілуіне жауапты тұлға көз жеткізіп, қадағалансын;
9. Автономды жылу жүйесін бақылауға алуға күзетші түнгі мезгілде бір мезет қарап тұрсын;
10. Алғашқы өрт сөндіру құралдарын басқа мақсатта қолдануға тиым салынсын;
11. Балабақша ғимаратында көрнекті жерде эвакуация жолдары көрсетілген сызба және өрт орын алған жағдайдағы нұсқаулықтар ілінсін.

**Бекітемін:** ________________
**Бестамақ «Болашақ» балалар бақшасының**
**меңгерушісі Л.Б.Курманова**

## Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулық

1. Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулық Қазақстан Республикасы Өрт қауіпсіздігі Қағидалардың талаптары негізінде, ғимараттардың, құрылыстардың, технологиялық процестердің, технологиялық және өндірістік жабдықтың өрт қауіптілігі ерекшелігін негізге ала отырып әзірленді.

**2. Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтарда мынадай мәселелерді қамтылды**:

1. Балабақшаның ауласы мен ғимараттарды, оның ішінде эвакуациялау жолдарын күтіп ұстауға;
2. Жабдықты пайдалану және өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу кезінде технологиялық процестердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
3. Жарылыс-өрт қауіпті және өрт қауіпті заттар мен материалдарды сақтау және тасымалдауға тиым салуға;
4. Жұмыс аяқталғаннан кейін үй-жайларды қарап тексеру және жабуға;
5. Темекі шегу, ашық отты қолдану және от және өзге де өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу қатаң тиым салуға;
6. Жанғыш заттар мен материалдарды жинауға тиым салуға, сақтау және жою, арнайы киім-кешекті ұстау және сақтауға.

**Өрт кезінде персоналдың іс-әрекеттері, оның ішінде:**

1. Өртке қарсы қызмет бөлімшелерін шақыру (101, 112 телефондарына қоңырау шалу);
2. Технологиялық құрал-жабдықты авариялық тоқтату;
3. Желдеткіш пен электр жабдықтарын ажырату жұмыс аяғаны ажыратуға;
4. Өрт сөндіру құралдары мен өрт автоматикасын пайдалану;
5. Адамдарды, жанғыш заттар мен материалдық құндылықтарды эвакуациялау;
6. Балабақшаның барлық бөлмелері мен ауласын қарап тексеру және жарылыс-өрт қауіпсіз күйіне келтіру.